

Қауымдық сервитут орнату туралы

Түркістан облысы Кентау қаласы әкімдігінің 2024 жылғы 22 акпандары № 75 қаулысы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 18, 69 - баптары, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 37-бабына және бекітілген жер участеклерін қалыптастыру жөнінде жерге орналастыру жобаларына сәйкес, Кентау қаласы әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Кентау қаласы әкімдігінің "Кентау қалалық құрылыш, сәулет және қала құрылышы бөлімі" мемлекеттік мекемесіне "Жайлы Мектеп" Ұлттық пилоттық жобасы аясында Кентау қаласы, Шұғыла шағын ауданы Әбілхайыр хан көшесі №170 мекенжайдан 1200 орындық мектеп нысанына жеткізілетін "Инженерлік инфрақұрылым жүйелерінің құрылышы үшін" төменде көрсетілген жер участеклеріне қауымдық сервитут белгіленсін

- 1) "Көріз жүйелері үшін" алаңы 0,0120 га (1200 шаршы метр) жер участекі;
- 2) "Ауыз су жүйелері үшін" алаңы 0,018 га (180 шаршы метр) жер участекі;
- 3) "Газбен қамту жүйелері үшін" алаңы 0,1600 га (1600 шаршы метр) жер участекі;
- 4) "Байланыс желілері құрылышы үшін" алаңы 0,4700 га (4700 шаршы метр ені 1 метр) жер участекі.

2. "Кентау қаласының әкімдігінің "Кентау қалалық жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіpte:

1) осы қаулыға қол қойылған күнінен бастап күнтізбелік бес жұмыс күні ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі электрондық түрдегі көшірмесін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының Түркістан облысы бойынша филиалына ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін жіберілуін;

2) осы қаулының ресми жарияланғанынан кейін оның Кентау қаласы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін;

3. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары F.Төлеповке жүктелсін.

Қала әкімі

Ж.Тасов